

Сапа менеджменті жүйесі  
«С. Сейфуллин атындағы ҚАТУ» АҚ  
студентінің ар-намыс кодексі



«С.СЕЙФУЛЛИН атындағы ҚАЗАҚ  
АГРОТЕХНИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» АҚ

СМЖ САК 04.4009- 2019 1 бет 14 беттен 1 нұсқа

«Бекітілді»

Басқарма төрағасының  
бұйрығымен  
28.01.2019 № 51-Н

## САПА МЕНЕДЖМЕНТІ ЖҮЙЕСІ

---

**«С. СЕЙФУЛЛИН АТЫНДАҒЫ ҚАТУ» АҚ СТУДЕНТІНІҢ  
АР-НАМЫС**

---

**КОДЕКСІ  
СМЖ САК 04.4009 - 2019**

\_\_\_\_\_ дана  
\_\_\_\_\_ көшірме

**АСТАНА 2019**

Санкциясыз құжаттың көшірмесін жасауға тыйым салынады.

Сапа менеджменті жүйесі «С. Сейфуллин атындағы ҚАТУ» АҚ студентінің ар-намыс кодексі	 <b>SAKEN SEIFULLIN UNIVERSITY</b>	«С.СЕЙФУЛЛИН атындағы ҚАЗАҚ АГРОТЕХНИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» АҚ
СМЖ САҚ 04.4009- 2019 2 бет 14 беттен 1 нұсқа		

## АЛҒЫ СӨЗ

**1** ӘЗІРЛЕГЕН ЖӘНЕ ЕНГІЗГЕН Тәрбие жұмысы жөніндегі департаменті мен сапа қызметі

**2** ЕНГІЗІЛДІ \_\_\_\_\_ Сапа қызметі

Құжатты бекітуге ұсынған бөлімшенің атауы

**3** БЕКІТІЛДІ ЖӘНЕ КҮШІНЕ ЕНДІ Басқарма төрағасының

(құжатты бекіткен лауазымдық тұлға)

28.01.2019 күнгі № 51-Н бұйрығымен

(ұйымдық-басқару құжатының бекіту күні мен нөмірі, атауы)

**4** ӘЗІРЛЕУШІЛЕР : - Басқарма төрағасының тәрбие жұмыстары

ғылыми дәрежесі, ғылыми атағы, аты-жөні

жөніндегі орынбасары - Құсайынова Ж.А.

- Тәрбие жұмыс жөніндегі департамент директоры

Күлназаров И.И.

ғылыми дәрежесі, ғылыми атағы, аты-жөні

- сапа қызметінің бастығы –Алдабергенова С.С.

ғылыми дәрежесі, ғылыми атағы, аты-жөні

- сапа қызметінің маманы – Мухамеджанова Ж.А.

ғылыми дәрежесі, ғылыми атағы, аты-жөні

**5** БІРІНШІ ТЕКСЕРІС МЕРЗІМІ  
ТЕКСЕРІС ЖИЛІГІ

2024ж.

5 ЖЫЛ

Осы құжат С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университетінің Басқарма төрағасының рұқсатынсыз, түгел және жартылай басып шығаруға, көбейтіп таратуға тыйым салынған

Санкциясыз құжаттың көшірмесін жасауға тыйым салынады.

## Мазмұны

1 Қолданылу аясы	4
2 Нормативтік сілтемелер	4
3 Анықтамалар	4
4 Белгілер мен қысқартулар	4
5 Жауапкершілік және өкілеттік	5
6 Жалпы ереже	5
7 Студенттің ар-намыс Кодексінің бөлімдері	6
8 Өзгерістерді енгізу тәртібі	10
9 Келісу, сақтау, тарату	10
А қосымшасы Келісу парағы	11
Б қосымшасы Танысу парағы	12
В қосымшасы Өзгерістерді тіркеу парағы	13
Г қосымшасы Кезенді тексерісті есепке алу парағы	14

## 1 Қолданылу аясы

Осы ар-намыс Кодексі университет территориясында және оның сыртында заңды күшке ие. С.Сейфуллин атындағы ҚАТУ студенті ар-намыс Кодексінің барлық баптарын жатқа біліп, орындауы керек.

Құжат С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университетінің (одан әрі С.Сейфуллин атындағы ҚАТУ) сапа менеджменті жүйесі (одан әрі СМЖ) құжаттамасының кешеніне кіреді.

## 2 Нормативтік сілтемелер

Осы құжаттың сілтемелеріне келесі нормативтік құжаттар пайдаланылды: 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы.

ҚР Конституциясы

ҚР Азаматтық Кодексі 1994 жылғы 27 желтоқсандағы № 269-ХІІІ ҚР

ҚР Қылмыстық Кодексі 1997 жылдың 16 шілдедегі № 167.

ҚР Әкімшілік Кодексі 2001 жылдың 30 қаңтарындағы №155.

27.06.2007 жылғы №27738-1901 «С.Сейфуллин атындағы ҚАТУ» АҚ  
Жарғысы.

ХС ИСО 9000:2005 Сапа менеджменті жүйесі. Негізгі ережелер және сөздік.

ХС ИСО 9001:2015 Сапа менеджменті жүйесі. Талаптар.

СМЖ ҰС 1.1.01-2015 Сапа менеджменті жүйесі. Ұйым стандарты. Сапа менеджменті жүйесінің құжаттамасын құру, баяндау және рәсімдеу тәртібі.

СМЖ ҚР 01-2015Сапа менеджмент жүйесі. Құжатталған рәсім.  
Құжаттаманы басқару.

## 3 Анықтама

Осы ережеде ХС ИСО 9000:2005 сәйкес терминдер мен анықтамалар қолданады.

## 4 Белгілер және қысқартулар

Осы ережеде төмендегі белгілер мен қысқартулар қолданылады:

- С.Сейфуллин атындағы ҚАТУ – С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті;
- САК - «С. Сейфуллин атындағы ҚАТУ» АҚ студентінің ар-намыс

Сапа менеджменті жүйесі «С. Сейфуллин атындағы ҚАТУ» АҚ студентінің ар-намыс кодексі	 <b>SAKEN SEIFULLIN UNIVERSITY</b>	«С.СЕЙФУЛЛИН атындағы ҚАЗАҚ АГРОТЕХНИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» АҚ
СМЖ САК 04.4009- 2019 5 бет 14 беттен 1 нұсқа		

Кодексі;

- ҰС – ұйым стандарты;
- ҚР – құжатталған рәсім;
- СБӨ – сапа басшылығының өкілі;
- СҚ – сапа қызметі;
- СМЖ – сапа менеджмент жүйесі.

## 5 Жауапкершілік және өкілеттік

5.1 Осы ережені дайындауға, сонымен бірге оның мазмұнына, құрылымына тәрбие жұмыс жөніндегі департамент жауапты, ресімделуі, бекітілуі және енгізілуіне сапа қызметі жауапты (одан әрі СҚ);

5.2 Әзірлеуші бөлімше жобаны тіркеуге СҚ тапсырады. Сапа қызметі түпнұсқаны рәсімдеп, қажет қолдарын жинайды;

5.3 Сапа қызметі құжаттың күшіне енгізілуіне бұйрық дайындайды.

5.5 Бекітілген «С. Сейфуллин атындағы ҚАТУ» АҚ студентінің ар-намыс Кодексімен қызметкерлерін және студенттерді таныстыруына бөлімшелердің бастықтары мен факультет декандары жауапты. Танысу туралы белгі «Танысу парағына » қойылады (Б қосымшасы).

## 6 Жалпы ереже

Университеттің тәрбие жұмысы жөніндегі департаменті «КАТУ студенттің ар-намыс Кодексі» құрастырды және аталған оқу орнының барлық жастарына танысып меңгеруге ұсынады.

С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университетінің студенттері оқытушылар мен оқу орнының әкімшілігінің арасында шынайы демократиялық және өзара құрмет қарым-қатынасын орнатуға, кәсіби және мәдениетті тұлға қасиетін дамытуға, дүниетанымы жоғары, озық ойлы, тұлғалық көшбасшы, кәсіби маман иесін қалыптастыруға ұмтылып, корпоративті басқару ұстанымдарын дамыту және нығайтуды өз парызы деп санайды, барлық жауапкершілікпен осы Кодекстің ережелерін қабылдайды және оны орындауға міндетті.

Аталған ар-намыс Кодексінің университеттің аумағында және одан тысқары жерде өз күші бар екенін еске саламыз. КАТУ студенті ар-намыс Кодексінің әр бабын білуге және орындауға міндетті. С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университетінің ар-намыс Кодексімен студенттерді таныстыру жүйесін жаңа оқу жылының басында факультеттер жүзеге асырады. Ал Кодекстің өзі С.Сейфуллин атындағы КАТУ сайтында орналастырылған.

Сапа менеджменті жүйесі «С. Сейфуллин атындағы ҚАТУ» АҚ студентінің ар-намыс кодексі	 SAKEN SEIFULLIN UNIVERSITY	«С.СЕЙФУЛЛИН атындағы ҚАЗАҚ АГРОТЕХНИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» АҚ
СМЖ САҚ 04.4009- 2019 6 бет 14 беттен 1 нұсқа		

«С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті» АҚ-ның Тәрбие жұмысы жөніндегі кеңесінің отырысында қаралып, бекітілді (№7 хаттама, 27 желтоқсан 2013 ж).

## **7 Студенттің ар-намыс Кодексінің бөлімдері**

### **7.1 «С.Сейфуллин атындағы ҚАТУ» АҚ студентінің құқығы мен міндеттері**

#### **7.1.1 Студенттің құқығы:**

##### **1-бап**

ҚАТУ студенті Қазақстан Республикасының заңнамасына және «С.Сейфуллин атындағы ҚАТУ» АҚ ішкі нормативтік-құқықтық құжаттарға сәйкес білім алуға құқылы;

##### **2-бап**

Университеттің Ғылыми кеңесіне, Студенттік өзін-өзі басқару органдарына мүше болып сайлануға құқылы;

##### **3-бап**

Кітапхана, ақпараттық қорлар, оқу, ғылыми, алғашқы медициналық көмекті және басқа да университет бөлімшелері қызметтерін тегін пайдалануға құқылы;

##### **4-бап**

Белгіленген ережеге сәйкес жатақханадан орынмен қамтамасыз етілуге құқылы;

##### **5-бап**

Моральдық немесе материалдық сыйақы және марапат алуға, оның ішінде атаулы стипендия иегері атануға (ҚР Президентінің және т.б.) құқылы;

##### **6-бап**

Білім беру үрдісінде кез келген қатысушының құқыққа қарсы әрекеттері туындаған жағдайда заңдық жағынан қорғануға құқылы;

##### **7-бап**

Оқудан тыс уақытта және сапалы білім алуды меңгергенде, ішкі ережелерді бұлжытпай орындаған жағдайда оқуды жұмыспен бірге атқаруға, сонымен қатар қолданыстағы заңнамаға сәйкес академиялық демалыс алуға құқылы;

##### **8-бап**

Білім беру үрдісі және бос уақыт пен жатақханадағы тұрмыстық жағдайды жетілдіру, жалпы студенттерді әлеуметтік жақтан қолдауға қатысты мәселелерді шешуге қатысуға құқылы;

Сапа менеджменті жүйесі «С. Сейфуллин атындағы ҚАТУ» АҚ студентінің ар-намыс кодексі	 SAKEN SEIFULLIN UNIVERSITY	«С.СЕЙФУЛЛИН атындағы ҚАЗАҚ АГРОТЕХНИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» АҚ
СМЖ САҚ 04.4009- 2019 7 бет 14 беттен 1 нұсқа		

#### 9-бап

Студенттерді басқа оқу орнына ауыстыру және қайта қабылдау ережесіне сәйкес басқа оқу орнына ауысуға және қайта қабылдануға құқылы;

#### 10-бап

Оқу-тәрбие үрдісінің бұзылу фактілері туралы ақпарат беру кезінде (студенттің сұрауы бойынша) құпиялы болуға құқылы;

#### 11-бап

ҚАТУ студенті аталған Кодекс ережелерінен тәртіп бұзушылықты анықтаған сәтте оны өз күшімен түзетуге тырысады, ал мұндай әрекет мүмкін болмаған жағдайда бұл келеңсіздіктер туралы Студенттік өзін-өзі басқару ұйымдарына немесе ҚазАТУ әкімшілігіне хабарлауға құқылы;

### **7.1.2 Университетте білім алатын әр студенттің міндеттері:**

#### 12-бап

Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңдарын, жатақхананың Ішкі тәртіп Ережесін және университеттің басқа да оқу-тәрбие үрдісі туралы бұйрықтарды және нормативті-құқықтық құжаттарды білуге, оны орындауға міндетті;

#### 13-бап

ҚАТУ студенті Отанымыздың тарихы мен мәдениетін құрметтеуге, университеттің қалыптасқан дәстүрлерін кіршіксіз сақтауға, беделін арттыруға міндетті;

#### 14-бап

Қазақстан Республикасының Ата заңын, мемлекеттік рәміздерін білуге және оларға құрметпен қарауға міндетті;

#### 15-бап

Қазақстан Республикасының Заңы «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» 2015 ж. 18 қарашадағы №410-VҚРЗ сәйкес С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университетінің студенті жемқорлыққа жол бермеуге және өз оқу орнының беделіне нұқсан келтірмеуге міндетті;

#### 16-бап

Студенттің басты міндеті болып саналатын білім алуға жауапкершілікпен қарап, оқу ақысы туралы Шарт ережелерін, академиялық адалдықты сақтауға, сапалы білім алу идеясын насихаттауға міндетті;

#### 17-бап

ҚАТУ студенті басқа студенттермен, оқытушылармен және ҚАТУ әкімшілігінің өкілдерімен қарым-қатынас барысында ізеттілік, кішіпейілділік және сыпайылық танытуға міндетті;

#### 18-бап

ҚАТУ студенті кез-келген азаматқа оның шығу тегі мен ұлтына, әлеуметтік дәрежесіне, діни немесе дүниетанымдық ұстанымдарына қарамастан, құрметпен қарауға міндетті;

#### 19-бап

ҚАТУ студенті біреуге күш көрсету, қорқыту немесе ұрып-соғу, балағаттау және дәрежелік танытуға, өзгенің мүлкін ұрлауға, бопсалау әрекетіне, жеке мүлікке қасақана залал келтіруге, бұзақылық жасауға жол бермеуге міндетті;

#### 20-бап

Шұғыл жағдайларға байланысты сабаққа қатыспаған жағдайда, сол мән-жайды растайтын құжаттар арқылы (студенттің ауырып қалуы, отбасы және басқа жағдайларға байланысты кенеттен жол жүруі қажеттігі жөнінде) деканатты уақытылы хабардар етуге міндетті;

#### 21-бап

ҚАТУ студенті оқу орнында тек іскерлік және классикалық стильде киінуге, сыртқы келбетін этикалық және эстетикалық нормаларға сәйкес ұстауға міндетті (қыз балалар қысқа юбкасы 45 см, жырттық джинсы, қысқа шорты және т.б., ұлдарға қысқа шорты, жырттық джинсы, сланцы және т.б.);

#### 22-бап

Ұлтаралық алауыздық пен теріс діни ағымдардан сақтануға және адам құқығын бұзатын әрекеттер жасамауға міндетті;

#### 23-бап

ҚАТУ студенті өз ойын нормаға сәйкес тілмен жеткізуге және былапыт сөз айтпауға міндетті;

#### 24-бап

ҚАТУ студенті университет мүлкінің сақталуына қамқорлық жасауға және университет аумағында жүгенсіздікке жол бермеуге міндетті;

#### 25-бап

ҚАТУ студенті университет аумағындағы тазалықты, жасыл желектер мен безендірулерді ұқыптылықпен сақтап, сенбілікке қатысуға міндетті;

#### 26-бап

ҚАТУ студенті университеттің кітапханалық-ақпараттық ресурстарына қамқорлықпен қарап, бұл ресурстарға қатысты салғырт қараушылық пен нұқсан келтірушілікке жол бермеуге міндетті;

#### 27-бап

ҚАТУ студенті оқу орнының Басқарма төрағасы бекіткен 486-Н 28.06.2018 ж. бұйрығына сәйкес, университет аумағында шылым шекпеуге, насыбай атпауға, аумақты ластамауға міндетті;



### 28-бап

ҚАТУ студенті салауатты өмір салтын ұстануға, өзінің мәдени, адамгершілік және тұлғалық даму деңгейін жетілдіруге ұмтылуға, университеттің қоғамдық-мәдени, ғылыми және спорттық өміріне белсене атсалысуға міндетті;

### 29-бап

ҚАТУ студенті университетте өзін әдепті, мәдениетті ұстап, ғимарат ішінде (оқу корпусында, кітапханада, асханада т.б.) сыртқы және бас киімдерін шешіп жүруге міндетті;

### 30-бап

ҚАТУ студенті университетте және оның аумағынан тыс жерлерде де құқық бұзушылық (есірткі пайдалану, арақ ішу, төбелесу т.б) әрекеттерге жол бермеуге міндетті;

### 31-бап

ҚАТУ студенті әлеуметтік желілерге жалған ақпарат таратуға жол бермеуге, сондай-ақ, заңмен рұқсат етілмеген жиналыстарға, демонстрацияларға, митингілерге, ереуілдерге, акцияларға және шерулерге қатыспауға міндетті;

### 32-бап

Университет ғимаратының ішкі және сыртқы аумағында ҚАТУ студенті тәртіп бұзса, университеттің тәрбие ісі жөніндегі проректоры, департамент директоры немесе факультет деканының шешімімен, тәртіп бұзушы түсініктемесін жазып, тәрбие үрдісі мақсатында сенбіліктерге және басқа да жұмыс түрлеріне қатысады;

### 33- бап

ҚАТУ студентіне университет немесе жатақхана аумағында электронды темекіні пайдалануға және «снюс» шегуге арналмаған темекі әкелуге, қолдануға, өндеуге, сатуға, таратуға тыйым салынады.

### 34-бап

ҚАТУ студенті университетте немесе жатақханада, университет аумағынан тыс жерде ұрлық жасаса, оқудан шығарылады.

### 35 бап

ҚАТУ студенті университетте, жатақханада немесе университет аумағынан тыс жерде әкімшілік құқық бұзушылыққа жол берсе, тәртіп бұзушы ретінде университетішілік тіркеуге алынады, егер де жыл бойы тәртіп бұзушылық қайталанбаса, студент университеттің ішкі есебінен шығарылады. Студент тарапынан тәртіп бұзушылық қайталанған жағдайда университет құқық қорғау органдарына құқық бұзушылықты қалалық есепке қою туралы хат жібереді, университет деңгейінде студентке сөгіс жарияланады.

### 36-бап

ҚАТУ студенті мінез-құлықтың моральдық-этикалық қағидаларын сақтауы және мәдениетсіз әрекеттерге (қоғамда белгіленген моральдық нормаларға қайшы келетін іс-әрекеттер) жол бермеуі тиіс;

Сапа менеджменті жүйесі «С. Сейфуллин атындағы ҚАТУ» АҚ студентінің ар-намыс кодексі	 SAKEN SEIFULLIN UNIVERSITY	«С.СЕЙФУЛЛИН атындағы ҚАЗАҚ АГРОТЕХНИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» АҚ
СМЖ САК 04.4009-2019 10 бет 14 беттен 1 нұсқа		

### 37-бап

ҚАТУ студенті инфекциялық жұқпалы ауруларды таратпау жауапкершілігін түсініп, оқу ғимараттарында және жатақханаларда санитарлық-эпидемиологиялық талаптарды сақтауы тиіс (қолды антисептикпен тазалау, бетпердені ережеге сәйкес кию, әлеуметтік арақашықтықты сақтау, өзін көпшілік жиналатын орындарға барудан шектеу).

**7.2 ҚАТУ студенті төмендегідей академиялық нормаларды бұзуға жол бермеу керек:**

- пара беру;
- оқытушыны алдау және оны сыйламау;
- сабақтарды босату және кешігу, сабаққа белгісіз себептермен қатыспау;
- плагиат;
- өтірік айту;
- шпаргалка пайдалану;
- білімді бақылау процедурасынан бөтен тұлғаның атынан өту;
- туысқандық немесе қызметтік байланыстарын пайдалану;
- өз оқу орны туралы жалған ақпарат таратуға жол бермеу.

"С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті студентінің Ар-намысы Кодексінің" Ережелері бұзылған жағдайда студентке қатаң шара қолданады (жатақханадан шығару), ал өрескел әкімшілік немесе қылмыстық тәртіп бұзушылық жасаса (№30, №31, №34, №36 бабтары) студент оқудан шығарылады.

## 8 Өзгерістерді енгізу тәртібі

Осы ережеге өзгерістерді әзірлеу, рәсімдеу, келісу және бекіту, сонымен бірге оған өзгерістер енгізу ҚР СМЖ 01 – 2011 талаптарына сәйкес жүргізілуі керек және «Өзгерістерді тіркеу парағында» (Қосымша В) тіркеледі.

## 9 Келісу, сақтау және тарату

9.1 Осы «С. Сейфуллин атындағы ҚАТУ» АҚ студентінің ар-намыс Кодексі сапа басшылығының өкілімен, Басқарма төрағасының тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасарымен, заң бөлімінің бастығымен келісіліп және сапа қызметінің бастығымен келісіліп, «Келісу парағына» (А қосымшасы) рәсімделеді.

9.2 Осы САК (түпнұсқаны) сапа қызметінде сақталуына тапсыруға әзірлеуші бөлімшенің басшысы жауапты.

9.3 Ережені сақтауға және оның көшірмелерін бөлімшелерге таратуға жауапкершілік сапа қызметіне жүктеледі.

9.4 Осы САК «ARTA SYNERGY» электрондық құжат айналым жүйесінде электрондық форматта тіркеледі және барлық бөлімшелерге таратылады.







